

**АКЦИОНЕРЛЕРГЕ БИРЖАНЫҢ ЖАЙ АКЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС,  
"Қазақстан қор биржасы" АҚ сайтында және  
қаржылық есеп берушілік депозитарийінде жарияланады**

Осы хабарламамен "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа), атқарушы органының (Басқармасының) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешеннің Солтүстік мұнарасы, 8<sup>ші</sup> қабат, өз акционерлеріне Директорлар кеңесі Биржаның 65 000 акциясын орналастыру туралы шешім қабылдағаны (2018 жылдың 26 қыркүйегіндегі № 28 отырыс хаттамасы) туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңы 16 бабының талаптарына сәйкес Биржа өз акционерлеріне артықшылықты сатып алу құқығын іске асыру мақсатында KASE жай акцияларын сатып алуды ұсынады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылдың 13 ақпанындағы № 31 қаулысымен бекітілген, Акционерлік қоғам акционерлерінің бағалы қағаздарды артықшылықты сатып алу құқығын іске асыру және бас тарту ережелерінің (бұдан әрі – Ережелер) нормаларын орындау мақсатында, Биржа өз акционерлерінің назарына келесі ақпаратты жеткізеді:

- 1) орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздардың саны – Биржаның 65 000 жай акциясы;

**Биржа акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу датасы** – Биржасын жай акциялары Биржаның жарияланған ҰСН (ISIN) KZ1C10030019 (KZ1C00001213) акцияларының (Бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы № А1003 куәлігі 2008 жылдың 25 тамызында берілген) саны шегінде орналастырылады. Биржа акцияларының шығарылым аңдатпасының көшірмесі Биржаның корпоративтік web-сайтында [www.kase.kz](http://www.kase.kz) жарияланған.

Орналастырылатын акцияларды артықшылықты сатып алуға құқылы **акционерлердің тізімі** 2018 жылдың 26 қыркүйегі күні басталар сәтіндегі (00 сағат 00 минут) жағдай бойынша (бұдан әрі – **"Тізілімді тиянақтау датасы"**) Биржаның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімі жүйесінің мәліметтері негізінде тіркелген.

- 2) Орналастырылған (қоғам кері сатып алғанды есептемегенде) акциялардың орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздар санына қатынасы түрлері бойынша – 942 013 : 65 000 (14,49 : 1);
- 3) Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңы 16 бабының талаптарын ескерумен, орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарды сатып алу шарттары бағалы қағаздарға төлеу мерзімін көрсетумен:
  - істегі акционерлер Биржа акцияларын орналастыру (сату) туралы осы хабарламадан кейін 30 күнтізбелік күн аралығында орналастырылатын Биржаның жай акцияларын өз меншігіндегі Биржаның жай акцияларының санына пропорционалды санын теңдей шартармен сатып алуға өтінім беруге құқылы;
  - артықшылықты сатып алу құқығымен сатып алынатын акцияларға төлем, жасалуы тиіс акцияларды сатып алу-сату келісім-шартының талаптарын ескерумен оларды сатып алуға өтінім берген күннен кейін 30 күнтізбелік күн аралығында жүзеге асырылады;
  - келіп түскен нақты өтінімдерді орындау және акцияларды акционерлерге артықшылықты сатып алу құқығымен беруді Биржа акцияларға акционерлер тарапынан төлем жамсалып, акционер акцияларды оның "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" акционерлік қоғамындағы немесе номиналды ұстаушыдағы өзінің шотына қосы туралы бұйрықты ұсынғаннан кейін, жүзеге асырады;
  - Биржамен ерекше қатынастармен байланысты тұлға болып табылатын, тұлғадан өтінім қабылдаған жағдайда, акцияларды осындай тұлғаға беру Биржаның Директорлар кеңесінің мақұлдауынан кейін жүзеге асырылады;
  - акцияларды сатып алуға өтінім берілгеннен кейін 30-күндік мерзімде акцияларға төлем жасалмаған жағдайда, өтінім жойылады;

- осы орналастыру шегінде артықшылықты сатып алу құқығымен акционерлердің арасында акциялар орналастырылып болғаннан кейін, аяқталды деп саналады. Егер осындай орналастыруд нәтижесінде акциялардың бір бөлігі орналастырылмай қалса, осындай акцияларды орналастыру туралы шешімді Биржаның Директорлар кеңесі қосымша қабылдайды.

**Акционерлер өтінімдер беруді келесідей тәртіппен жүзеге асырады:**

- жай акцияларды ұстаушы акционерлер өз өтінімдерін Биржаға тапсырыс хатпен, оның тапсырылғаны туралы ескертпесімен, тікелей Биржаға жолдайды (Корпоративтік хатшы В.Ю. Гребневаға, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешеннің Солтүстік мұнарасы, 8<sup>ші</sup> қабат телефоны + 7(727) 237 53 43; электрондық поштасының мекен-жайы vika@kase.kz);
- акционерлерден қабылданған өтінімдердің негізінде бұдан әрі Биржа мен, өтінім берген, акционердің арасында бағалы қағаздарды сатып алу-сату келісім-шарты жасалады.

Акционерлердің өтінімдері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылдың 13 ақпанындағы № 31 қаулысымен бекітілген, Акционерлік қоғам акционерлерінің бағалы қағаздарды артықшылықты сатып алу құқығын іске асыру және бас тарту ережелерінің талаптарына сәйкес құрастырылуы тиіс.

- 4) Орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздардың орналастыру (сату) бағасы – бір акцияға 9 132,22 теңгеден;
- 5) акционер орналастырылатын (сатылатын) акцияларға өтінім беретін пошталық мекен-жай: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешеннің Солтүстік мұнарасы, 8<sup>ші</sup> қабат;
- 6) қоғамның бағалы қағаздарын артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздарды сатып алу сұрақтары бойынша қоғам акционерлерімен өзара әрекеттесетін тұлғалардың тегі, аты, (өкесінің аты – бар болса), байланыс деректемелері –Гребнева Виктория Юрьевна (телефоны 237 53 43).

Биржа акционері Биржаның орналастырылатын (сатылатын) акцияларын олардың артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес сатып ала алатын, мерзім – осы ұсыныс жарияланғаннан кейін 30 күнтізбелік күн аралығы (2018 жылдың 29 қазанына дейін, осы күнді қоса).

Егер Биржаның акционерлері Биржаның орналастырылатын (сатылатын) жай акцияларын артықшылықты сатып алу құқығын қолдануға ниеттенсе, жоғарыда көрсетілген мекен-жайға белгіленген мерзімде өтінімін жолдауы тиіс.